

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ІШКІ ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАНЫ ЖАРИЯ ТАЛҚЫЛАУДЫҢ ХАТТАМАСЫ

2026 жылғы 02 шілде

Астана қаласы

Қатысқандар:

Қаржы-экономикалық қызмет жөніндегі директордың орынбасары –
Умиталиева А.Т.

Кадрлық және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы – Желтыргужева
А.М.

Шаруашылық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы – Наурызбаева Г.Э.

Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік бөлімінің басшысы – Ержеткен
Ж.Е.

Жоспарлау және экономикалық талдау бөлімінің басшысы – Булгакова Д.К.

Процессинг бөлімінің басшысы – Калыков Е.Ж.

Ветеринария бөлімінің басшысы – Ахлбеков Е.А.

Комплаенс-офицердің міндетін атқарушы бас маман – Кәріпжанова А.Қ.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтаманы қарау.
2. Анықталған тәуекелдерді жою жөніндегі ұсыныстарды талқылау.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген **«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына»**, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық эпизоотияға қарсы отряды» республикалық мемлекеттік мекемесі директорының 2026 жылғы 18 мамырдағы №68 **«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы»** бұйрығына сәйкес, 2026 жылғы 01 мамыр мен 13 шілде аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілуде.

Талдау объектісі: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық эпизоотияға қарсы отряд» республикалық мемлекеттік мекемесінің қызметі.

Талдаудың мақсаты мен мәні: ішкі талдаудың мақсаты – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, сондай-ақ оларды жоюға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған шараларды әзірлеу.

Талдаумен қамтылған кезең: 2025 жылғы 01 мамырдан 2026 жылғы 31 мамырға дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1. мекеменің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу шараларын қабылдау;
2. мекеменің кадрлық қамтамасыз ету бөлімі қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу шараларын қабылдау;
3. мекеменің мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу шараларын қабылдау;
4. мекеменің бухгалтерлік есеп саласындағы қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу шараларын қабылдау;
5. мекеменің шаруашылық қамтамасыз ету бөлімі қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу шараларын қабылдау;
6. мекеменің ветеринария бөлімі қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу шараларын қабылдау;
7. мекеменің филиалдары қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу шараларын қабылдау.

Көпшілік талқылау барысында Республикалық эпизоотияға қарсы отрядының бөлімдері ұсынған ақпарат қаралып, жұмыс тобы мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша дайындалған талдамалық анықтамамен танысты.

«Республикалық эпизоотияға қарсы отряды» республикалық мемлекеттік мекемесінің қызметінде мүдделер қақтығысы, жұмысқа қабылданған қызметкерлердің басшылықпен үлестестігі (аффилиирленуі), қызметкерлердің қылмыстық жауаптылыққа тартылуы, жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірге қызмет атқаруы, сондай-ақ лауазымды адамдар үшін белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды бұзу фактілері анықталған жоқ.

**«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастыру»
бағыты бойынша:**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі негізгі жұмыс анықталған бұзушылықтарды жоюға және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тартуға бағытталған. Сонымен қатар, осы әлеуметтік құбылыстың алдын алуға бағытталған профилактикалық жұмыстардың маңызы кем емес.

Талқылауға қатысушылар ұсынылған ұсынымдарды толық қолдады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері назарға алынсын.
2. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.
3. Іс-шараларды іске асыруға жауапты тұлғалар айқындалып, орындау мерзімдері белгіленсін.